

Ж.Тәшенев атындағы №10 мектеп-гимназиясы

бракераждық комиссия отырысының

№1 Хаттамасы

02.09.2025

Қатысқаны:

Бракераждық комиссияның төрағасы: Орынбаев Б.Ш.

Комиссия мүшелері:

Махамбетова К.Д., директорының орынбасары

Әбдібек А.С., әдеуметтік педагог

Денисенко Р.Р., медбике

Турчина Е.Н., Қамқоршы кеңес төрайымы

Ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылындағы №10 мектеп-гимназиясының ыстық тамақтану ұйымдастыру туралы айту. Нормативтік-құқықтық заңдары мен актілері. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 бұйрығымен Білім беру ұйымдарында тамақтанудың жаңа стандартымен таныстыру.
2. Бракераж комиссиясының құрамымен таныстыру. Бракераж комиссиясының мақсаты мен міндетін қарау, жұмыс кестесімен таныстыру.
3. Мектеп асханасының тамақтану сапасын тексеру.

Тындалды:

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Орынбаев Б.Ш. 2025-2026 оқу жылындағы №10 мектеп-гимназиясының ыстық тамақтану ұйымдастыру туралы айтты. Нормативтік-құқықтық заңдары мен актілерімен таныстырды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 бұйрығымен Білім беру ұйымдарында тамақтанудың жаңа стандартын енгізу бөлігінде Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында бұрын қолданыста болған тамақтану стандарттарына өзгерістер мен толықтыру енгізілгенін хабарлады. Жаңа стандарт жаңа оқу жылының басынан бастап, яғни 1 қыркүйектен бастап күшіне енді. Ол дұрыс тамақтанудың заманауи халықаралық талаптарын ескере отырып жасалған және балаларды қауіпсіз, сапалы және теңдестірілген тамақтанумен қамтамасыз етуге бағытталған. Стандарттың талаптары көкөністер мен жемістерді тұтынуды арттыру, тұзды, қантты және майды тұтынуды азайту болып табылады. Осыған байланысты мәзірден табиғи емес тағамдар мен құрамында тұз бен қант көп тағамдар, мысалы, шұжық өнімдері, ысталған ет, шырындар алынып тасталған. Құрамында қант бар сусындар, шырындар ашытылған сүт сусындарына, газдалмаған су, жеміс шайлары, сусындар, қант мөлшері аз компоттарға ауыстырылады. Бұл шаралар балалар мен жасөспірімдерде семіздік, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары және басқа да жұқпалы емес аурулардың даму қаупін азайтуға бағытталған.

Екінші сұрақ бойынша директорының орынбасары Махамбетова К.Д. бракераж комиссиясының құрамымен таныстырды. Әлеуметтік педагог Әбдібек А.С. бракераж комиссиясының мақсаты мен міндетін айтып, жұмыс кестесімен таныстырды. Осы комиссия мүшелері асханаға келген тағам өнімдерінің сапасын, олардың сақталу мерзімдері мен жағдайларын, дайындау технологиясына, ас блогының санитариялық жағдайына бақылау жүргізетіндігін айтты.

Бракераж комиссиясының негізгі міндеттері:

- Тамақтан уланудың алдын алу.
- Асқазан-ішек ауруларын болдырмау.
- Тамақтың дайындалу техникасын қадағалау.
- Тамақтандырудың толыққанды ұйымдастырылуы, түрінің, тізімінің көбейтілуі.

Бракераж комиссиясы өз қызметінде СанПин талаптарын, рецепт жинақтарын, технологиялық картаны, берілген ережелер бойынша басшылыққа алады. Бракераж комиссиясы тамақтың дәмін татып, оның бағасын беріп, нәтижесі журналға жазылып, таратуға рұқсат берген жағдайда ғана, тамақ таратылады. Сонымен қатар журналға дайын тағамның дәмі, сыртқы түрі, түсі, иісі, құрамы, қаттылығы, шырындылығы міндетті түрде жазылуы тиіс екенін және аптасына 1 рет бақылау жүргізілетінін айтты.

Шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылында №10 мектеп-гимназиясының ыстық тамақтану нормативтік-құқықтық заңдарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Бракераж комиссия құрамы бекітілсін.
3. Мектеп асханасының тамақтануы апта сайын тексерілсін.

Хатшы:  Махамбетова К.Д.

1. Курманова А.С. Фаур -
2. Түргешов Елнәрали Тұрмалыбаев 
3. Сапаргалиева А.А. Саур
4. Бахбузова В.Ш. Бахбузова
5. Баймолдина Д.Б. 
6. Мабдиева Айгүл К. 
7. Исмаилов Әсет А. 
8. Меринина Н.О. Терм.
9. Аманжол А.Т. 
10. Мухометжанова К.С. 
11. Түргешов Р.Т. 
12. Демисенко Р.Р. 
13. Махамбетова К.Д. 
14. Әбдібек А.С. 